

Байчерева А.

**ФОНД ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН – ЛИДЕРА
НАЦИИ**

СОВЕТ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ



**Весенняя сессия молодых учёных социологов и социальных
работников Казахстана**

**«НАУКА И ИННОВАЦИИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ:
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ СТРАТЕГИИ»**

УДК 001(082)

ББК 72

В 38

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

АБДИРАЙЫМОВА Г.С. – член Совета молодежной политики при Фонде
Президента Республики Казахстан - Лидера Нации, доктор социологических наук,
профессор кафедры социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР:

АМИТОВ С.А. – кандидат социологических наук, доцент кафедры социологии
и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби

АЛТЫНБЕКОВ А.Б. – докторант PhD кафедры социологии и социальной работы
КазНУ им. аль-Фараби

В 38	Весенняя сессия молодых ученых социологов и социальных работников Казахстана «Наука и инновации молодых ученых:: образовательные стратегии» (г. Алматы, 22 мая 2015 г.). – Алматы, 2015. – 218 с. – Каз., рус. ISBN 978-601-250-262-6
-------------	--

В настоящий сборник вошли материалы Весенней сессии молодых социологов и социальных работников «Наука и инновации молодых ученых образовательные стратегии» (г.Алматы, 22 мая 2015 года).

Материалы предназначены для молодых ученых, исследователей, преподавателей, студентов и аспирантов, интересующихся проблемами современного общества.

УДК

ISBN 978-601-250-262-6

СОДЕРЖАНИЕ

Абдирайымова Г.С., Шнарбекова М.К. ЦЕННОСТИ МОЛОДЕЖИ: ЧТО МЫ ИДЕМ О НИХ? (по результатам социологических исследований)	6
Аманкулова А., Жаназарова З.Ж. КИНО КАК СОЦИАЛЬНЫЙ ИНСТИТУТ	12
Абдибаева А., Мямешева Г.Х. СИМВОЛИЗМ ЗООМОНИМОВ И ЗООМОРФИЗМОВ В ПЕРЕВОДЕ	17
Аистқызы Аяулым., Садырова М.С. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ	21
Абейбекова Г., Мямешева Г.Х. ФЕНОМЕН ОБЩЕСТВЕННОГО МНЕНИЯ	24
Андросенко Е., Мямешева Г.Х. СОВРЕМЕННЫЙ МАРКЕТИНГ: СТАВКА НА БЕССОЗНАТЕЛЬНОЕ	28
Әлдибай И.Қ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРНАЙЫ ӘЛЕУМЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ	31
Байгереева Ә.С., Шеденова Н.У. ТҮРҒЫНДАРДЫҢ СЕЙСМИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ ҚАУПСІЗДІКТІҢ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ	36
Байсалбаева Б.А., Карасева Н.В. КАЗАХСТАНСКАЯ МОЛОДЕЖЬ В СОВРЕМЕННОМ ПОЛИТИЧЕСКОМ ПРОЦЕССЕ: ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ СОЦИАЛИЗАЦИИ И УЧАСТИЯ	41
Бейсенбекова Т.А., Мамытқанов Д.Қ. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚАРТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІГІ	47
Болат Ж., Султанова М.А. ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ БОЛАШАҚ ЖАС МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ	52
Бейсенова А.А. РОЛЬ ОБРАЗОВАНИЯ В ВОСПРОИЗВОДСТВЕ КАДРОВОГО ПОТЕНЦИАЛА КАЗАХСТАНА	56
Бектлеуова Ә.А., Авсыдыкова Қ.А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КОПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН АТАУЛЫ КӨМЕК	59
Бурханова Д.К. ОБРАЗОВАНИЕ И «СРЕДНИЙ КЛАСС» В КАЗАХСТАНЕ: НОВЫЕ ДОСТИЖЕНИЯ И РЕАЛИИ	63
Бисултанова Ж.Е. КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ВЫПУСКНИКА ВУЗА КАК ВАЖНЕЙШИЙ ЭЛЕМЕНТ В ПОСТРОЕНИИ КАЧЕСТВЕННО НОВОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ	67
Болат Ж. ЖЕТІМ БАЛАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТА АРТ-ТЕРАПИЯНЫҢ ИЗОТЕРАПИЯЛЫҚ БАҒЫТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ (АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ №1 БАЛАЛАР ҮЙІ НЕГІЗІНДЕ)	70
Бурханова Д.К., Серикжанова С.С. ИНТЕГРАЦИЯ КАЗАХСТАНА В ЕДИНОЕ ЕВРОПЕЙСКОЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ ПРОСТРАНСТВО	76
Дамысбек Ж., Кенжакимова Г.А. СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТ МОТИВАЦИЯСЫН ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ	80
Жақыпбек А.А., Қалдыр Д.Қ. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТ ЖАСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ӘСЕРІ: ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ (ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)	84
Жалғасұлы А., Садырова М.С. СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ И ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ПРОФИЛАКТИКИ АЛКОГОЛИЗМА СРЕДИ МОЛОДЕЖИ	89
Жарменова А.Қ., Жаназарова З.Ж. ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕГРАЦИЯДАҒЫ ЗАҒИП МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ АЛУЫ	94
Джанегизова У.С., Жолдасова М.К. ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР ЖАҒДАЙЫ	99
Жолдасханова М.Б., Абдирайымова Г. С. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАҒЫ	102

ересектердің психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелері жұмыс істеп отыр. Олардың саны 12 000-нан астам адам тұрады[6].

Міне, Қазақстандағы арнайы әлеуметтік мекемелердің жалпылай сипаттауы. Қорытындылайтын болсақ, арнайы әлеуметтік мекемелер Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау саясатының басты құралы болып табылады. Халық мемлекетінің негізгі тірегі болғандықтан, мемлекет халықтың барлық талаптарын орындауды, жағдайларды жақсартуды бірінші орынға қоюы тиіс. Ал осы көрсетілген мәліметтерге қарайтын болсақ, еліміздің халыққа қызмет көрсету саласы қажетті деңгейге дейін қарқынмен дамып жатыр деп айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясы басқарған экономика ғылымдарының докторы, профессор Е. Арын - Павлодар: "ЖКО" ҒП, 2006. - 482 б. ISBN 9965-808-85-6
2. G-global, Қазақстандағы әлеуметтік қызмет көрсету, Берлин, 2006. <http://group-global.org/kk/publication/3208-kazakstandagy-leumettik-kyzmet-korsetu>
3. МОН РК от 14.09.04г. №144 и МЮ РК от 19.10.04 года №3162
4. МОН РК от 03.09.2004г. №712 и МЮ РК от 04.10.2004г. №3128
5. Форум для людей с ограниченными возможностями и всех заинтересованных лиц, Родителям, скачайте специализированный материал для школы//<http://www.invalid.kz/forum/viewtopic.php?t=3183>
6. Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасы, Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы ҚР Заңын іске асыру және Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясының ратификациялауға дайындау өңірлік семинарлар// <http://www.undp.kz/kz/articles/1/23.jsp>

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия және саясаттану факультеті,
Әлеуметтану және әлеуметтік
жұмыс кафедрасының I курс магистранты
Байгереева Ә.С.*

ғылыми жетекші соц.ғ.д., профессор Шеденова Н.А.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ СЕЙСМИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ

Табиғи апаттардың ішінде салдары ең ауыр – жерсілкінісі. Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар комитетінің мәліметіне сәйкес, Қазақстан үшін жерсілкінісі апаттардың ішінде бірінші орынға ие. Бұл қауіпке алты миллионға жуық қазақстандық душар болу қаупі бар. Қазақстандағы сейсмикалық қауіп масштабын сейсмикалық аудандастыру картасына қарап баға беруге болады, оның мақсаты болашақтағы ірі жерсілкіністердің пайда болу ошағы мен интенсивтілігін болжау. Осы картаға сәйкес республика территориясының 25%-ы сейсма қауіпті аймаққа жатады, мұнда интенсивтілігі 6 балдан жоғары жерсілкініс қаупі бар. Картаға сәйкес, еліміздің оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандары сейсма қауіпті аймаққа, ал солтүстік, батыс, орталық аудандары асейсмикалық аймақтарға жатады (мысалы, 1994 ж., 1996 ж., 2001 ж. Жезқазғанда 5-6 балдық, 2009 жылы Шалқарда 6 балдық жерсілкінісі). Нақтырақ айтқанда, Қазақстан Республикасында сейсмикалық қауіпті аймақта мына облыстар орналасқан: Шығыс-Қазақстан облысы, Алматы облысы, Жамбыл облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылорда облысы, Маңғыстау облысы.

Жалпы жер сілкінісінің төрт түрі бар. Тектоникалық жер сілкінісі - жер қабаты мен атмосфера тақтасының қозғалуынан болады. Жанартаулық жер сілкінісі - жанартаулардың атқылауы басталу кезінде, оларға жақын жерде, жанартау каналымен магманың қозғалуынан болады. Опырылма жер сілкінісі - жердің опырлуынан, қопарылуынан болады. Техногендік жер сілкінісі - адамдардың су қоймаларын жасауынан, мұнайды, газды, жер асты суларын шығаруынан, күшті жарылыстардан болады. Яғни, еліміздің батысында көмірсутек шикізатын қарқынды өндіруден қатты техногенді жерсілкініс қаупі туындауы мүмкін [1].

Жыл сайын дүние жүзінде 100 000 жер сілкінісі болады, олардың көбісі әлсіз, оларды тек сейсмограф құралы арқылы ғана байқауға болады. Алматы қаласы мен Алматы облысында жыл сайын сейсмографтар 400 жер үсті дүмпуін байқайды.

Бүгінде халықаралық ұйымдардың күш салуымен табиғаттың кез келген сұранылы апаттарына қарсы тұрудың жалпы принциптері жасап шығарылды: жер сілкінісі, дауыл, су тасқыны, жанартаудың атқылауы және т.б. осы принциптердің негізінде бірқатар елдерде сұранылы апаттан келетін залалды азайту мақсатында әдістер жасап шығарылуда. Осы әдістердің негізгі түсініктеріне: қауіп, осалдық, тәуекел жатады. Сейсмикалық қауіптілік ұғымымен белгілі бір күштегі (балл, амплитуда) сейсма күштің әсерінен қала, ғимарат, басқаша айтқанда объекттердің әсері. Осалдылық ұғымы объектінің өзінің ішкі әсерлерімен сипатталады. Қала, адам, қоршаған орта, ғимарат, яғни барлығына да қауіп тиуі мүмкін, сондықтан да олар сейсмикалық әсердің осалдық объектісі ретінде қарастырылуы мүмкін. Алайда жер сілкінісі ұғымымен көп жағдайда «тәуекел» ұғымы қолданылады. Ғалымдар қандай да бір «тәуекелдерді» атап бергенімен, негізгі ой жер сілкінісінен кейін күтілетін қандай да бір материалдық және материалдық емес ысырапта жатыр.

Сейсмикалық тәуекелді әртүрлі бағалауға болады, соның негізгілері ретінде мына компоненттерді көрсетуге болады: 1) сейсмикалық қауіптілік; 2) сейсма қауіпті аймақтағы құрылыстың сенімділігі (сейсмикалық қауіпсіздіктің дәрежесі); 3) жер сілкінісін ескерту мүмкінділігі.

Өз ісінің мамандары қауіптің алдын алу, тұрғындарды ақпараттандыру мақсатында сейсма карта жасайды, әр маман өз деңгейінде аймақтың геологиялық, геофизикалық, тектоникалық, сейсмологиялық зерттеулер жасап, нақты бір анықтама береді. Адам шығыны жер сілкінісінің өзінен емес, ірі қалалардағы зәулім ғимараттардың есебінен көп болады.

Апат айтып келмейді, алайда қауіпсіздік мақсатында тұрғындарды әкімшілік құрылымдардың дер кезінде ақпараттандырып, алдын ала жер сілкінісін болжай алу адам өмірін сақтаудың бір жолы. Тәжірибелік тұрғыдан, ұзақ және орта ша мерзімді божам қарағанда, ең маңызды қысқа мерзімді болып табылады. Қазіргі кезеңде болашақта болатын жер сілкінісінің болатын орнын, қарқындылығын (магнитудасын), уақытын анықтау мүмкін емес. Қарапайым халық тарапынан жер сілкінісін болжайтын мамандарға деген көңіл қолмаушылығы және т.б. әртүрлі пікірлер орын алып жатады. Көпшілік тұрғындар біле бермейді, «жер сілкінісін болжаудың өзіндік тәртібі» бар екен. 1991 жылы «Жер сілкінісін болжауды құрудың Еуропалық этикасы» бекітілді. Осы кодекске сәйкес, жер сілкінісін болжамас бұрын ғалым ғылыми мәліметтер мен методиканын дұрыстығын тексеріп содан кейін ғана ресми органдарды газет, телевидения арқылы емес, арнайы ақпараттық каналдар көмегімен жеткізеді. Тіпті Жапонияның ғылыми жетістіктеріне, заманауи технологияға қарамастан, жер сілкінісін басқа табиғи апаттарға қарағанда болжау қиын. Жоғарыда атап өтілгендей адамдар «жер сілкінісінен емес, қираған ғимараттардан құрбан» болып жатады. Бұрын салынған ғимараттар нормативтік талаптарға сай келмейді, ал көпшілік мемлекет тұрғын үйді толыққанды модернизациядан өткізе алмайды. Жапонияда қала құрылысы туралы заңнама 1919 жылы қабылданды, бірақ онда сейсма бақылау талаптары болмаған. Кейін көптеген қиратулардан соң заңнамаға және құрылыс нормативтеріне түзетулер мен толықтырулар енгізілді. Жапонияда 50-ші жылдары табиғи апаттан құрбандар саны өндіріс

мыңға жететін еді, алайда олардың саны төмендеп келеді. Құрбандар саны 60-шы жылдарда күннен күнге азайып, негізінен су тасқынынан, ал 70-ші жылдары ондаған болды [2].

Өткенге көз жүгіртетін болсақ, 1887 жылы Верныйда 8-9 балдық жер сілкінісі адамның, 1889 жылы Шелектегі 7-8 балдық жер сілкінісі адам шығынысыз, 1911 жылы 7-8 балдық Кеміндегі жерсілкінісінен 44 адам құрбан болды. Жапония мамандарының айтуынша, егер дәл осы жер сілкінісі Алматыда қайталанатын болса, салдары өте ауыр болады. Верныйдық жер сілкінісі моделі қайталанса, 25 мың ғимарат қирап, 25 мың адам құрбан болуы мүмкін. Шелек жер сілкінісі моделі қайталанса 5300 ғимарат қирап, адам шығыны 10 мыңға жетеді. Кеміндік жер сілкінісі моделінен 15400 ғимарат қирап, адам шығыны 10 мыңға жетеді.

Қауіптің алдын алудың тағы бір жолы – тұрғындардың сейсмикалық сауаттылығын арттыру. Сейсмикалық қауіпті аймақта тұратын тұрғындар үшін кез келген жағдайда орын алуы мүмкін сәтсіздіктерге дайын болулары тиіс. Тұрғындардың оның ішінде өсіп келе жатқан жас ұрпақтың тәрбиелеуде әркім өз өміріне, жақындарына жауапты екенін ұғындырып, мемлекеттік тағалдырығынан бастап қалыптастыру керек. Ерекше атап өтетін бір жайт, тұрғындардың сейсмикалық сауаттылығын арттыруда баспаның орны зор. Мемлекеттік және орыс тілдерінде сейсмикалық қауіп туралы шығып жатқан кітаптар, брошюралар өте аз шығарылады. Елміздің халықты ақпараттандыру, алдын алу мақсатында көптеген ұйымдар, соның ішінде Қызыл Жарты ай қоғамы да белсенді ат салысуда. Қазақстан Республикасының Ұлттық Қызыл Жарты ай Қоғамы 2002-жылы құрылды. Ол Халықаралық Қызыл крест және Қызыл Жарты ай Қозғалысының гуманизм, бауырмалдық және ақысыз көмек идеялары мен принциптерін Қазақстан қоғамында орнықтыруға күш салған, алғаш рет 1937-жылы құрылған Қызыл крест және Қызыл Жарты ай Қазақ Қоғамының (ҚКҚЖҚҚ) құқықтық мұрагері болып табылады. Қызыл Жарты ай қоғамы өз тарапынан тұрғындарды, еріктілер мен қызметкерлерді оқыту мен оларды ақпараттандыру сапасы артты, семинарды өткізуде жаңа әдістер қолданылады. Бүгінгі күні төтенше жағдайға дайындықтың ұйымдастырушылық деңгейін арттыруда оң әсерін тигізеді. Сондай-ақ, Нидерландық Қызыл Крестпен бірлесе отырып Алматының 40- тан астам мектептеріне оқу-жаттығу жұмыстары жасалды. Өткен жылдары, яғни 2011 жылы Американың Қызыл Крестпен «Алматы күйзеліссіз қала» атты бірлескен жобасы «Шеврон» компаниясының қаржылық көмегімен тұрғындарды дайындау мен алғашқы көмек көрсету бойынша іске асырылды. Жоба аясында жергілікті билік өкілдері үшін дөңгелек үстелдер өткізілді, жооб теледидар, радио эфирлер арқылы баяндалды, волонтерлердің көмегімен брошюралар мен парақшалар таратылды.

Азаматтық қорғау саласында «Азаматтық қорғау» туралы Заңы негізгі нормативтік құқықтық акт болып табылады. Бүгінде әлемнің әр түкпіріндегі Қызыл жарты ай қоғамы қандай да бір жобаның аясында білікті жаттықтырушылар Алматы қаласының тұрғындары, оның ішінде студенттер, оқушылар және т.б. жерсілкінісіне дейінгі және кейінгі іс-әрекет қимылдарын үйретуде.

Әрбір азамат өз қауіпсіздігі үшін, жерсілкінісін көз алдына елестетіп, егер қатты жер сілкінісі болған кезде егер сіз жұмыста, үйде, ал балаларыңыз сол кезде мектепте немесе балалар бақшасында болса, өзіңіз бен отбасы мүшелерінің осындай жағдай бола қалған кезде жете зерттеңіз: тығылу үшін ең қауіпсіз жер қайда, жер сілкінісі біткеннен кейін қай жерде кездескен дұрыс т.б. Сіздің алдын-ала құрған «сценариіңіз» апат болған жағдайда көмекке келеді. Халықты ақпараттандыру мақсатында табиғи және техногендік сипаттағы апаттарды шешуге мемлекеттік органдармен қатар азаматтық қоғам институттары, ғылыми қауымдастық, халықаралық ұйымдар, қаржылық институттар, жеке сектор, сонымен қатар еріктілер белсенді араласуы тиіс.

Жер сілкінісі кезінде аман қалу үшін мынадай іс-қимыл нұсқасына назар аударған жөн.

Жер сілкінуіне дейін: Жағдайды көз алдыңызға елестетіңіз: қатты жер сілкінісі болған кезде егер сіз жұмыста, үйде, ал балаларыңыз сол кезде мектепте немесе балалар бақшасында болса? Өзіңіз бен отбасы мүшелерінің осындай жағдай бола қалған кезде жете зерттеңіз:

тығалу үшін ең қауіпсіз жер қайда, жер сілкінісі біткеннен кейін қай жерде кездескен дұрыс
Сіздің алдын-ала құрған «сценариіңіз» апат болған жағдайда көмекке келеді.

Алдын-ала дайын болыңыз:

- Рюкзак немесе сөмкенізді құжаттар;
- Үш күнге жететін тамақ пен су;
- Алғашқы медициналық дәріханасы мен медикаменттер;
- Жылжымалы электр фонары мен сіріңке;
- Жылы киім мен аяқ киім.

Алғашқы жер сілкінісі кезінде:

• Есте сақтаңыз: жер сілкінісі басталған кезде үрейленбеңіз және басқалардың да үрейленуіне жол бармеңіз;

- Газ, су және жарықты сөндіріңіз;
- Жер сілкіну төменгі баллмен жай болса, онда қорықпаңыз, сол жерде тұрыңыз, яғни жүтіңіз.

Егер **күшті жер сілкінісі** болған кезде сіз үйдің ішінде болсаңыз (дүмпу күші бес және одан жоғары болса):

- Екінші және одан да жоғары қабатта болсаңыз ол жерден ешқайда кетпеңіз;
- Ішкі қабырғаның қауіпсіз жеріне, бұрышқа, есіктің жақтауына, ваннаға жатыңыз;
- Кереуеттің, столдың астына кіріңіз, себебі бұлар сізді құлайтын заттар мен қиындықтардан қорғайды. Өзіңізді ауыр жиһаздар мен терезелерден аулақ ұстаңыз;
- Лифтіні пайдаланбаңыз.

Егер көшеде болсаңыз:

- Ғимараттар мен электр желілерінен алшақ, ашық алаңда тұрыңыз, үзілген электр желілерінен алшақ тұрыңыз;
- Ғимараттың алдың кесіп өтпеңіз және оған кірмеңіз.

Егер автокөліктің ішінде болсаңыз: Ашық алаңда қалыңыз жер сілкінісі біткенше көлік ішінде болыңыз

Есте болсын. Жер сілкінісі кезінде жер жарылып, адам өлімі сирек кездеседі. Жер сілкінісі кезінде мынадай жағдайларда бақытсыздық орын алады:

- Ғимараттардың кейбір бөліктерінің қирауы;
- Сынған терезелердің құлауы;
- Үзілген электр желілері;
- Пәтердегі ауыр заттардың құлауы;
- Өрт;
- Үрей кезінде бақылаусыз қалған адамдардың мінез-құлқы.

Егер сіз алдын-ала қауіпсіздік шараларын сақтасаңыз, құрбан болу саны аз болары сөзсіз[4].

Жер сілкінісін кейін:

- Қажет адамдарға алғашқы жәрдем көмегін көрсетіңіз;
- Зардап шеккендерді үйіндіден шығаруға көмектесіңіз;
- Радиокабылдағышты қосыңыз;
- Суды, газды, жарықты мүмкіндік болса өшіріңіз;
- Ашық отты пайдаланбаңыз;
- Өте сақ болыңыз, ғимаратты тез арада босатыңыз, яғни басқа жаққа барыңыз.

Халық өзін қауіпсіз сезінуі үшін әлеуметтік қорғау шараларының кеңінен жүргізілуін талап етеді. Бірінші кезекте азаматтар туындап отырған қиындықтар туралы және қауіпсіздікті сақтау шаралары туралы толық ақпараттар алып отыруы тиіс. Қоршаған ортаның ластануы, техногендік зиянды әсерлер туралы мемлекеттік және жергілікті органдарға жеке тұрғыда немесе ұжымдық тұрғыда ақпарат беріп, орын алып отырған мәселелердің шешілуін

талап етіп отырулары тиіс. Әрбір жеке адамның азаматтық позициясын белсенді қалыптастыру әлеуметтану мамандарынан аяныбай көп еңбек етуді талап етеді.

Әлемдік тәжірибелік талдау көрсеткендей, негүрлым тұрғындар ақпараттандырылған болса, соғұрлым олардың сейсмикалық қауіпсіздік дәрежесі жоғарылайды, яғни қауіп туралы хабары бар қоғам ғана апаттың ауыр салдарын алдын алуға мүмкіндігі болады. Мемлекет бағдарламалар бағыттарының аса маңыздысы тұрғындардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру.

Сондай-ақ, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ірі қалалардағы құрылыс жұмыстарын сейсма талапқа сай жасалуы тиіс. Ғимараттар мен құрылыстардың сейсмикалық қауіпсіздігін баса назар аударған жөн. Жапония, Америка сияқты ғылымы дамыған мемлекеттер осы мәселеге қатты мән береді. Өйткені, олар «Жер сілкінген аймақтарда түбі жер сілкінеді» деп қағиданы ұстанады. Сондықтан да халықтың қауіпсіздігі үшін дұрыс құрылыс салу керек есептейді. Мәселен, Американың Калифорния штатында Спитакта болған жер сілкіну күшіне тең дүмпу болса да кісі шығыны өте аз болды. Халық саны соншама көп бола тұра небәрі жүзге тарта адам шығыны тіркелді. Оның сыры, Американың ғимараттары мен тұрғын үйлері үлкен тәжірибемен, арнайы сынақтармен соғылған. Ал біздің елімізге көз жүгіртсек бізде жүз жылдық ғимараттарды қауіпсіздендіруге мүмкіндігіміз жоқ. Тек, кейінгі жылдар салынған жана құрылыстар ғана сейсмикалық қауіпсіздікке сай деуге болады. 1995 жыл Жапонияда «Кобе жер сілкінісі» болды. Ол сілкіністің соншалықты орасандығын қарамастан, жапондардың құрылыс салу тәжірибесінің жоғарылығы мен сапасын байқам болады. Сондай дәулей күшпен сілкінгеніне қарамастан, Жапониядағы кісі шығыны алты мың адамнан асқан жоқ. Сонымен салыстыратындай жер сілкінісін айтар болсақ, ол Армениядағы 1988 жылғы 7 желтоқсанда Спитак қаласында болған жер сілкінісі. Онда кейбір деректер көрсеткендей, 41 мың адам қаза тапты [5]. Бұл жерден нені байқауға болады? Сол кез Спитактың сейсмикалық болжау картасын 7 баллдық сілкініске есептеп жасалғандығы анықталып отыр. Ал сілкініс күші эпицентрде 9 баллдың үстінде, тіпті 10 баллға дейін жетіп шығылды. Қала мүлдем қирап қалды. Ал жапондар сейсмикалық болжау картасын нақты есепке жүгініп жасайды. Сол Спитак оқиғасынан кейін жер-жерлерде сейсмикалық картаны жасау шұғыл қолға алына бастады. Егер, құрылыстарды 9 баллдық күшке есептеп соғылса, о құрылыстар 9 баллдық жер сілкінісіне шыдайды. Құрылыстардың көбісі «жер сілкінісінің күші төмен болады-ау» деген жобамен салынғандықтан да қирап қалады. Тағы бір себеп құрылыс материалдарының сапасы және жобаның есебі.

Сейсмикалық қауіптен сақтанудың сап түрлі жолдары бар. Сейсмологиялық тұрғыдан қарасақ, біріншіден, аймақтың сейсмикалық қауіпін зерттеу, яғни қауіп-қатерді алдын ала бағалау. Әр түрлі карталар жасау, күллі Қазақстан мен әрбір облыстың сейсмикалық картасын жасау. Қауіпті аймақтарда орналасқан қалалардың микроаудандау карталарын жасау. Онда аймаққа Алматы қаласы жатады. Екіншісі – жер сілкінісін болжау. Сілкіністің нақты болатын жері, уақыты және күші, осы үшеуі жақсы болжанса, үлкен қауіптің алдын алуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Пұрмагамбетов Ә. Батыс Қазақстан аймағында болған Шалқар жерсілкінісі туралы // ҚазҰТУ хабаршысы. 2009. №2. 13-16 б.
2. Труднее всего снизить ущерб, наносимый землетрясениями - профессор Кэндзи. 12.06.2008 // Информационное агентство «Казахстан Сегодня» // http://www.kt.kz/rus/society/trudnee_vsego_snizitj_ushterb_nanosimij_zemletrjasenijami_professor_kendzi_1153451220.html
3. Общество Красного полумесяца Республики Казахстан // http://redcrescent.kz/about_us/about/
4. http://emer.gov.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=9972&Itemid=120&lang=kz